## САБАҚ ЖОСПАРЫ

| | | |
|---|---|---|
| **Пән** | Қазақстан тарихы | |
| **Мұғалім** | Абданбаева Аккогершин Абайевна | |
| **Мектеп, сынып** | Астана қаласы, Назарбаев Зияткерлік мектебі, 7-сынып | |
| **Сабақ тақырыбы** | Моңғолдар мемлекеттілік деңгейге қалай жетті? | www.bilimland.kz |

| | |
|---|---|
| **Сабақтың мақсаты** | • Түркіленген Моңғол мемлекетінің әскери басқару жүйесінің ерекшелігін түсіну.<br>• Моңғол мемлекетінің құрылуына ықпал еткен факторлардың артықшылығы мен кемшілігін талдау, қорытындылау. |
| **Бағалау критерийлері** | Бейнематериалдың негізінде:<br>• Моңғол империясының құрылуы туралы ақпаратты меңгереді;<br>• Түрік-моңғол этно-саяси бірлестіктерін картаға орналастырады;<br>• Моңғол империясының қоғамдық құрылысы деп аталатын мозайканы құрастырады;<br>Мәтіннің негізінде:<br>• Моңғол мемлекетінің құрылуына ықпал ететін факторларды анықтайды;<br>• Мемлекеттің құрылуына ықпал ететін факторлардың артықшылығы мен кемшілігін «Ақпараттық органайзерде» талдап, қорытындылайды; |
| **Тарихи концепт** | Себеп-салдар |
| | Академиялық тілді қалыптастыру.<br>Сабақта қолданатын жаңа сөздер мен терминология:<br>этносаяси бірлестік, әлеумет, әлеуметтік топ, оң қанат, сол қанат. |
| | Моңғол мемлекетінің идеологиясы, әскери басқару жүйесі, әлеуметтік құрылымы туралы ақпартты меңгереді (оқылым дағдысы).<br>Моңғол империясының құрылуы туралы бейнематериалды тыңдап, тапсырмаларды орындайды (тыңдалым дағдысы).<br>Моңғол мемлекетінің территориялық бірігу жүйесіне ықпал еткен факторларды анықтап, артықшылығы мен кемшілігін «Органайзерде» талдап, жазады (жазылым дағдысы). |
| **Құндылықтарды дарыту** | – патриотизм;<br>– өз еліне және өзге мемлекттердің тарихы мен мәдениетіне қызығушылық пен құрмет таныту;<br>– тұлғааралық қарым-қатынасты дамытуға және бағалауға мүмкіндік беретін жұптық және топтық жұмыстарды қолдану;<br>– жеке тұлғаның пікірін ескеру және әрбір ойдың құндылығын құрметтеу. |
| **Пәнаралық байланыс** | Дүниежүзі тарихы, қазақ тілі мен әдебиеті. |

| | |
|---|---|
| **Бастапқы білім** | Қазақстан жерінде моңғол экспансиясына дейін түркі тілдес тайпалардың этносаяси бірлестігі қалыптасқанын және олардың әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени жағдайын біледі. |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>Ұйымдастыру кезеңі<br>0-3 мин | **Қызығушылықты ояту кезеңі.**<br>**БЫМ. Б** «Ойлан. Талқыла. Ойыңмен бөліс» тапсырмасын беру.<br>Оқушыларға Шыңғысхан мен тайпалық бірлестіктердің бір орталыққа бірігуін бейнелейтін суретті көрсету арқылы төмендегі сұрақтар төңірегінде ой бөлісуге шақыру.<br>- Не көріп тұрсыздар?<br>- Қандай қорытындыға келдіңіз?<br>- Қандай сұрақтар туындады?<br><br>Оқушыларға сұрақ төңірегінде өзіндік ойлануға мүмкіндік беру, одан кейін жұппен, ал одан кейін көрші жұппен ойларымен бөлісуге ұсыныс жасау. Осылайша екі жұптан құралған бір топ ортақ ең үздік үш ойды таңдап, сынып алдында жариялайды. Осы суреттер негізінде сабақ тақырыбына болжам жасату, сабақтың мақсаты мен бағалау критерийлерін сыныпқа таныстыру. | Суреттер, слайдтар.<br>https://bilimland.kz/kk/subject/qazaqstan-tarihy/6-synyp/monghol-imperiyasynyng-quryluy--12792 |
| **Сабақтың ортасы**<br>Бүкілсыныптық жұмыс түрі<br>Бейнематериалды тыңдау:<br>3-6 мин<br>Талқылау:<br>6-9 мин | **Мағынаны тану кезеңі.**<br>**Б. №1 тапсырма. Бейнематериалмен жұмыс.**<br>(Бейнематериалды оқушыларға 1 немесе 2 рет тыңдату)<br>№1 тапсырма оқушыларға бейнематериалды көрсетер алдында таныстырылып, қолына кеспе қағаз түрінде таратылып беріледі.<br>• Бейнематериалды көре отырып, кем дегенде 5 кілтті сөзді жаз.<br>• Кілтті сөздерді қолданып, бейнематериалдың басты идеясын 2 сөйлеммен баянда.<br>Оқушылар бүкіл сынып болып бейнематериалдың басты идеясын түсінген соң, жұпта бірлесіп, | **Бейнематериал:**<br>Моңғол империясының құрылуы<br>https://bilimland.kz/kk/subject/qazaqstan-tarihy/6-synyp/monghol-imperiyasynyng-quryluy--12792 |

<table>
<tr>
<td>Жұптық жұмыс түрі<br>9-12 мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Жұптық жұмыс түрі<br>12-15 мин</td>
<td>бейнематериал бойынша келесі №2, №3 тапсырмаларды орындайды.<br>Ж. №2 тапсырма. Картамен жұмыс. Бейнематериал бойынша меңгерген біліміне сүйеніп, XIII ғасырдың басындағы түрік-моңғол этно-саяси бірлестіктерін картаға орналастыр.<br>


Оқушылар деңгейлеріне қарай бейнематериал бойынша тапсырмаларды белгіленген уақыт аралығында жұпта орындайды. Экранға шығарылған дұрыс жауап бойынша, оқушылар өз-өздерін бағалайды.<br>


Ж. №3 тапсырма. Мозайка құрастыр. Бейнематериал бойынша меңгерген біліміне сүйеніп, XIII ғасырдың басындағы Моңғол империясының қоғамдық құрылысы деп аталатын мозайканы құрастыр.<br>


Оқушылар деңгейлеріне қарай бейнематериал бойынша тапсырмаларды белгіленген уақыт аралығында жұпта орындайды. Экранға шығарылған дұрыс жауап бойынша, оқушылар өзін-өзі бағалайды.</td>
<td>Карта<br>https://bilimland.kz/kk/subject/qazaqstan-tarihy/6-synyp/monghol-imperiyasynyng-quryluy--12792<br><br><br><br><br><br><br><br>Мозайка<br>https://bilimland.kz/kk/subject/qazaqstan-tarihy/6-synyp/monghol-imperiyasynyng-quryluy--12792</td>
</tr>
</table>




*Бағалау дескрипторы:*

1. Бейнематериалды тыңдай отырып, кем дегенде 5 кілтті сөзді жазады;
2. Кілтті сөздерді қолданып, бейнематериалдың басты идеясын 2 сөйлеммен баяндайды;
3. XIII ғасырдың басындағы түрік-моңғол этно-саяси бірлестіктерін картаға дұрыс орналастырады;
4. XIII ғасырдың басындағы Моңғол империясының қоғамдық құрылысы деп аталатын мозайканы дұрыс құрастырады.

Топтық жұмыс түрі
15-18 мин

**Т** Мемлекеттік дәрежеге жету үшін не қажет деп ойлайсыңдар?
Бұған қандай факторлар әсер етуі мүмкін?
Сол кезеңде қандай үдерістер орын алған еді? деген сұрақтар аясында өз болжамдарын айтуды сұраңыз.

**Т. №3 тапсырма. Кестеде берілген кілтті сөздерді суретпен сәйкестендір.**

| №1 | №2 | №3 | №4 |
|---|---|---|---|
| Кілт сөздер | Кілт сөздер | Кілт сөздер | Кілт сөздер |
| Саяси | Экономика | Әлеуметтік | Табиғи (географиялық) |






Суреттер: Моңғол шапқыншылықтары
[https://bilimland.kz/kk/subject/qazaqstan-tarihy/6-synyp/monghol-imperiyasynyng-quryluy--12792](https://bilimland.kz/kk/subject/qazaqstan-tarihy/6-synyp/monghol-imperiyasynyng-quryluy--12792)

Жеке жұмыс түрі(мәтінді оқу)
18-23 мин

Экранға шығарылған дұрыс жауап бойынша, топтар бір-бірінің жұмыстарын алмастырып бағалайды.

**Ж. №4 тапсырма.** Мәтінмен жұмыс. Оқушылар мәтінді жеке оқып танысады. Жұпта Моңғол мемлекетінің территориялық бірігу жүйесіне ықпал еткен факторларды анықтап, кем дегенде екі артықшылығы мен кемшілігін «Ақпараттық органайзерде» талдаңдар.

тапсырманы орындайды. 1,2 факторды анықтап, оның 1 артықшылығы мен кемшілігін оқушылардың барлығы орындайды, 3, 4 факторды анықтап, 1 артықшылығы мен кемшілігін талдап, қорытындылауды оқушылардың көпшілігі орындайды. Ал барлық факторды анықтап, оны аргументтейді, барлық фактордың 2 артықшылығы мен кемшілігін талдап, жан-жақты қорытындылауды оқушылардың кейбірі ғана орындайды.

**ҚБ:** Мұғалім ұсынған марксхема арқылы жұптағы оқушылар бір-бірінің жұмыстарын тексеріп, өзара бағалайды.

**Марксхема**

| | | |
|---|---|---|
| **Саяси фактор:**<br>• Ата жаудан кек алу. | **Артықшылығы:**<br>• Атақты түрколог ғалым Л.Н.Гумилев: «Меркіттер тайпасын жеңгеннен кейін Шыңғысханның абыройы өсіп, қоластындағы әскер саны көбейді»,-деп жазады. | **Кемшілігі:**<br>• Ван-хан жәрдеміне сүйенген Темучин 10 мың сарбазымен, досы Жамұқа 20 мың әскерімен ата жауы тайшұттар мен меркіттерден кек қайтару үшін шабуыл жасайды. |
| • Бақталастықтың күшеюі. | **Артықшылығы:**<br>• Темучин бытырап жүрген моңғолдарды біріктіруге қарсы болған Жамұқаны жеңіп, ел арасында даңқы күшейеді. Моңғол тайпаларының басын қосып, өз төңірегінде шоғырландырып, әскери күш ұйымдастырады.<br>• 1202-1203 жылдары екі жақ соғысып, Темучин жағы жеңіске жетеді | **Кемшілігі:**<br>• Темучиннің күннен – күнге абыройы өсіп бара жатқанын көре алмай, бұрынғы досы Жамұқа оған қарсы шығады.Жамұқа 30 мың, Темучин 13 мың қолмен 1190 жылы Даланбалжуд жерінде шайқасады.<br>• Темучиннің абыройының артқаның көреалмаған Ван-ханның ұлы Нилханның әсерінен керейттер бірі Темучинді қолдаушылар, екіншісі қарсыластар болып екіге бөлініп кетті |
| | **Қызықты факті:**<br>• Әкесі Есугей өлімінен соң қият руының жаулары тайшұттар мен меркіттер оның отбасына жиі-жиі шабуыл жасап, малын айдап алып, Темучин анасы, бауырлары мен бірге орманға паналап, жетімдіктің ауыр күндерін көрген болатын.<br>• Осы соғыста Ван хан қайтыс болып, жеңіліске ұшыраған Нилхан наймандарға қосылады. | |
| **Әлеуметтік фактор:**<br>• Моңғол рулары мен тайпаларының тұрмыс-тіршілігінің төмендеуі. | **Артықшылығы:**<br>• 1178 жылы Шыңғысхан бытырап жүрген моңғол рулары мен тайпаларын біріктіруге кіріседі. | **Кемшілігі:**<br>• Жекелеген ноядар мен тайпалар арасындағы қайшылықтар, тонау, тұтқынға айдап әкету күнделікті тұрмыстағы көрініске айналды.<br>• Жувейнидің айтуынша: «Көптеген моңғолдар ол кезде талау мен тонауды, азғындық пен маскүнемдікті ерлік пен артықшылық деп білген»,-деп жазды. |

| | | |
|---|---|---|
| • Ескі достықты қайта қалпына келтіру | **Артықшылығы:**<br>• Ол өз қоластындағы әскери күшін көбейту үшін керей тайпасының басшысы Ван-ханға барып, одақтас болуды сұрайды Достықты қайта жаңғырту үшін Темучин барлық күшін жұмсап, керей тайпасымен одақтасуға қол жеткізді. | **Кемшілігі:**<br>• |
| | **Қызықты факті:**<br>• Ван-хан бұрын Есугейдің досы болды, әкесі қайтыс болған соң, бұл достық тоқтап қалған | |
| **Табиғи,географиялық фактор:**<br>• Түрік этностарымен көршілес орналасуы. | **Артықшылығы:**<br>• Шығыс Түркістанды жайлаған түрік этностары- татар, керей, найман, ұйғыр, қырғыз, таңғұт сияқты сан жағынан көп әскери тайпаларды біріктіруге кіріседі.<br>• 1204 жылы осы соғыста беделі артқан моңғол тайпаларына түркі тайпалары келіп қосыла бастады. Географиялық бұл аймақтағы сан жағынан ең көбі отырықшы түріктердің ауқымды тобы- ұйғырлар да 1209 жылы Шыңғысханға қосылады | **Кемшілігі:**<br>• Темучин 1204 жылы наймандарға қарсы соғысты өзі бастап, ал әскердің шабуылдаушы тобын інісі Хасарға тапсырған. Бұл соғысқа наймандардан 55 мың қол, моңғолдардан 45 мың қол қатысты.Сол кездегі наймандардың басшысы Таян хан мен оның ұлы Күшлік те соғыста жеңіліс тауып, Таян хан көз жұмды. |
| | **Қызықты факті:**<br>• Қалың түріктердің географиялық орналасу аймағында тек моңғолдарды біріктіріп, Моңғол мемлекетін құрып, оны ұстап тұру мүмкін еместігін Темучин түсініп, моңғол мен түрік тайпаларының басын қосу саясатына көшеді<br>• Одан кейін..Шығыс Түркістанда енді Темучинге күш жағынан тең келетін керейттер мен наймандар ғана қалды.. | |

**Бағалау дескрипторы:**

– Кестеде берілген суреттер арқылы мемлекеттің құрылуына ықпал ететін факторларды ажыратады;

– Мемлекеттің құрылуына ықпал ететін факторларды мәтіннің негізінде анықтап, әр фактор бойынша қызықты фактілерді органайзерге толтырады;

– Мемлекеттің құрылуына ықпал ететін факторлардың артықшылығын талдайды;

– Мемлекеттің құрылуына ықпал ететін факторлардың кемшілігін талдайды;

– Мемлекеттің құрылуына ықпал ететін барлық факторларды талдап, қорытынды жасайды;

**Ж. №5 тапсырма. Тест жұмысы.** Оқушылар тақырып бойынша алған білімін «Kahoot» әдісі арқылы пысықтайды.

Жеке жұмыс түрі
33-36 мин

Тест тапсырмалары. https://bilimland.kz/kk/subject/qazaqstan-tarihy/6-synyp/monghol-imperiyasynyng-quryluy--12792




Тест

№1 сұрақ

**Моңғол әскерлері санына қарай ондық, жүздік, мыңдықтарға бөлінді. Түменде қанша әскер болды?**

- 500 әскер
- 100 әскер
- 10 мың әскер
- 1 мың әскер
- 10 әскер

Тест

№2 сұрақ

**Моңғолдар Сібір халықтарын, Енисей қырғыздарын, Шығыс Түркістанды қай жылдары бағындырды?**

- 1209 – 1211 ж.ж.
- 1206 – 1210 ж.ж.
- 1208 – 1213 ж.ж.
- 1207 – 1211 ж.ж.
- 1210 – 1214 ж.ж.

Тест

№3 сұрақ

**Орталық Моңғолияда қандай тайпалық бірлестік мекен етті?**

- Татарлар
- Наймандар
- Жалайырлар
- Керейіттер
- Меркіттер

Тест

№4 сұрақ

**Шығыс хан империясы қашан құрылды?**

- 1305
- 1306
- 1255
- 1105
- 1206

| | | |
|---|---|---|
| | <br>Тест<br>№5 сұрақ<br>**Моңғол мемлекетінің территориясы 3 әскери аймаққа бөлінді. Сол қанаты қалай аталды?**<br>қол<br>жоңғар<br>барунғар<br>сол жақ бөлік<br>яса | |
| **Сабақтың соңы**<br>36-39 мин | **«Нысана» әдісі арқылы кері байланыс жүргізу**<br><br> | |
| **Үй тапсырмасы**<br><br>39-40 мин | **Ж/Б** Шығармашылық тапсырма: Тақырыпқа қатысты жекелеген оқушыларға таңдауы бойынша макет даярлауды ұсыну:<br>- моңғолдардың әскери өнерін көрсететін макет (әскеридің қару-жарағы, моңғолдардың әскери тактикасы);<br>- Шыңғыс хан ордасының нобайы;<br>- Шыңғыс ханның портреті. | |

| Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз? | Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз? | Пәнаралық байланыс; денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс, құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі) |
|---|---|---|
| №1.тапсырма бойынша оқушылар «Ойлан.Талқыла.Ойыңмен бөліс» әдісі бойынша сыни тұрғыда ойланып түрліше жауап береді.<br>№2, №3 тапсырма бойынша оқушылар уақыт өлшеміне байланысты деңгейлеріне қарай бейнематериал бойынша тапсырмаларды орындайды.<br>№4 сәйкестендіру тапсырмасы бойынша, қабілеті жоғары оқушылар қабілеті төмен оқушыларға қолдау | Сабақ үдерісінде оқушылардың жұмысы мадақтау, шапалақтау,өзін-өзі бағалау, өзара жұптық бағалау, топтық бағалау әдістері арқылы бағаланады. | Сыныпта психологиялық ахуал қалыптасады. Қазақ тілі мен әдебиеті және Дүниежүзі тарихы пәндері бойынша алған білімдеріні сабақта қолданады. Кабинетте жұмыс істеу техникасы ескертіледі. Тапсырмалар оқушылардың жас |

| | | |
|---|---|---|
| көрсетеді.<br>«Ақпараттық органайзер» әдісі.<br>Тереңдету негізінде оқушылар деңгейлік тапсырманы орындайды. 1,2 факторды анықтап, оның 1 артықшылығы мен кемшілігін оқушылардың барлығы орындайды, 3, 4 факторды анықтап, 1 артықшылығы мен кемшілігін талдап, қорытындылауды оқушылардың көпшілігі орындайды.Ал барлық факторды анықтап, оны аргументтейді, барлық фактордың 2 артықшылығы мен кемшілігін талдап, жан-жақты қорытындылауды оқушылардың кейбірі<br>ғана орындайды.<br>№5 тапсырма бойынша Тест жұмысы.Қарқын арқылы саралау. Балаларға ортақ тапсырма беріледі, бірақ шапшаңдық пен ойлаудың жоғары дағдыларын талап ететін тапсырманы орындайды. | | ерекшеліктеріне және деңгейлеріне қарай беріледі. |